

8-15 қыркүйек аралығында №6 Хромтау гимназиясында Отбасы күніне орай өткізілген іс-шаралар туралы мәлімет



Отбасы күніне орай гимназиямызда «Отбасы бақыты-ел бақыты» атты апталық болып өтті. Апталықтың жоспары апталық жиында хабарланды. Барлық сыныптар «Менің отбасым-менің қуанышым» атты көрмелер ұйымдастырылып, отбасылық құнды-лықтарды түсіндіру мақсатында барлық сыныптарда сынып сағаттары өткізілді.

10 қыркүйек күні «Әйел отбасы тірегі – мемлекет тірегі» тақырыбында «Инабат» қыз балалар клубының мүшелері ардагер аналармен кездесті. Кездесу барысында аналар қыз балаларға өздерінің ақыл кеңестерін беріп, отбасындағы әйелдердің ролі туралы айтып берді.



11 қыркүйек күні «Ұлағат» ер балалар клубының мүшелері бас қосып, «Әке-асқар тау» тақырыбында пікірлесті. Әкенің отбасындағы, қоғамдағы ролі туралы көптеген ойлар айтылып, тыңдалды.



12 қыркүйек күні сынып жетекшілер үшін «Отбасынан кету: реніш немесе қапалану?» тақырыбында семинар-тренинг болып өтті.



Сонымен қатар апта барысында «Бақытты отбасы-бақытты ел!» тақырыбында шығармалар байқауы, дайындық сынып білім алушыларының ата-аналарымен «Ынтымақты отбасы» тақырыбында тренинг, «Үлгілі отбасы» сайысы, «Біз-тату отбасымыз!» ұранымен спорттық ойындардан жарыс ұйымдастырылып, «Отбасынан қымбат не болуы мүмкін» дегендей аз қамтылған отбасы ата-аналарына психологиялық кеңестер берілді.

